



Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті
Тақырыбы: «Қуыршақтың сақинасы»
Өтілетін күні: 02.02.2023 ж.



Тәрбиеші: Абилдаева Ж.

Шымкент 2023 ж.

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті

Тобы: «Балауса» 1-2 жас ерте жас.

- Бағыты:

Физикалық дамыту: ойын әрекеті

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту: Сөздік қорын қалыптастыру, қолдың ұсақ материкасын дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту:

Қарапайым дағдыларын меңгерту.

- Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: Балалардың танымдық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

- Әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады: тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Өтілетін уақыты: 02.02.2023 жс

Тақырыбы: «Қуыршақтың сақинасы»

Мақсаты: Түсі әр түрлі заттардың белгісі болып табылатынына және олардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екендігіне балалардың назарын аудару, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Балаларды қуыршақтың сақинасын тауып, көйлегін әсемдеуге, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: қуыршақтың суреттері.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Сәлеметсіздер ме балалар?! Бізге қонақтар келіпті. Олай болса балалар қонақтармен амандасып алайық Кіп-кішкентай болсам да, Мен тәртіпті баламын. Үлкенді мен сыйлаймын, Бәрін де жақсы көремін.	Балалар қонақтармен амандасады Балалар қимыл іс-әрекет арқылы жасайды

Ұйымдастырушық – ізденушілік кезеңі	Балалар бүгін бізде ерекше күн. Топтың ішіне көз салындаршы. Біздің топ ерекше болып тұр. Ғажайып сәт: Үн таспа тыңдату. Қуыршақ келеді. Сәлеметсіңдер ме балалар?! Мен бүгін қуаныштымын! Менің бүгін туылған күнім болғандықтан, қуаныштымын. Саусақтарымда сақиналарым бар еді, келе жатып құмның үстіне сақиналарым шашылып кетті. Мен таба алмай қалдым. Сендер маған көмектесесіңдер ме? Балалар кеттік ойын алаңына. 1  2  Қуыршақ қуанады Жарайсыңдар балалар, сендерге көп-көп рақмет! Сергіту сәті: Бала бала балақан, Қане қолың алақан. Саусақтарың әйбет, Былай-былай ойнат. Балалар тағы да қуыршақты қуантамыз ба? Олай болса кеттік ойын алаңына.	- Сәлеметсіз бе қуыршақ? - Жарайды, көмектесеміз. Қораптың ішіндегі құмнан балалар сақинаны тауып береді. Балалар қимыл- қозғалыспен көрсетеді - Иә
--	---	--

	Бұл ойынды бәріміз бірге отырып, қуыршақтың көйлегін жапсыру арқылы әсемдейміз.  Қуыршақ: балалар, рақмет сендерге, сендер өнерлі балалар екенсіңдер. Қуыршақ қоштасып кетеді Балалар бізге қонаққа кім келді? Балалар сендерге қуыршақпен ойнаған ойын ұнады ма? Балаларды мадақтау. Балалар «Қуыршақ» биін билеп, қонақтарға тарту етейік. Осымен АҰОІӘ аяқталды. Қош сау болыңыздар!	Балалар тәрбиешінің көмегімен қуыршақтың көйлегін әсемдейді. Баллар қуанады - Қуыршақ келді - Иә Балалар қуана билейді.
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

- Нені біледі: қуыршақтың қуанышын бөлісе білді;
- Қандай түсініктерді игерді: сақина әдемілік үшін тағылатынын;
- Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Балалар тапсырманы орындады.

